

«Seven Rivers Capital» («Севен Риверс Капитал») Акционерлік қоғамының  
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ШЕШІМІМЕН  
БЕКІТІЛГЕН

(2013 жылғы 26 тамыздағы №28 шешім)



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
2013 ж. « 9 » 09 заңды  
тулға мемлекеттік тіркәуден қайта өткізілді  
№ 5350-1910-01-АҚ куәлік  
Алғашқы тіркелген күн: 2006 ж. « 1 » 11  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА « 9 » 09 2013 г.  
свидетельство № 5350-1910-01-АҚ  
Дата первичной регистрации « 1 » 11 2006 г.  
БСН/БИН 061140003010

<sup>Н</sup>  
«Фридом Финас»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ

Исполнительному директору  
Председателю Правления  
АО «Seven Rivers Capital»  
(Севен Риверс Капитал)  
Минисеев Роман  
Раширович



26 августа 2013 года.  
*[Handwritten signature]*

## **1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

1.1. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде – «**Фридом Финанс**» Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде – Акционерное общество «**Фридом Финанс**».

Қоғамның қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде - «**Фридом Финанс**» АҚ;
- орыс тілінде - АО «**Фридом Финанс**»

1.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17, «Нұрлы Тау» көп функционалды орталығы, 17-қабат, корпус 4 «Б», 5-офис.

## **2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

2.1. Қоғам құрылтайшыларының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының өзге заң актілеріне сәйкес құрылды.

2.2. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

2.3. Қоғамның қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Қоғамның дербес балансы, банктік және басқа есеп-шоттары, атауы жазылған мөрі бар.

2.5. Қоғамның үлгілері белгіленген тәртіп бойынша бекітіліп, тіркелетін өз тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және бейнелемесі бар.

2.6. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

## **3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ**

3.1. Қоғам қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтен таза табыс табу болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің мәні:

- бағалы қағаздар нарығындағы брокер-дилерлік қызмет;
- инвестициялық портфельді басқару;
- кеңес беру қызметі;
- ақпараттық-талдау қызметі;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет.

3.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында лицензиялануы көзделген қызмет түрлерімен Қоғам тиісті қызмет түріне белгіленген тәртіппен лицензия алғаннан кейін айналысады.

## **4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Қоғамның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтары бар.

4.2. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен бөлек мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі шамасында жауапты.

4.3. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға және міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыра алады.

4.4. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында және шет елдерде өз филиалдарын, өкілдіктерін құрып, оларға өз мүлкі

есебінен негізгі және айналымдағы қаражаттар беріп, олардың қызмет тәртібін анықтай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында есепке алынады.

4.5. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметін Қоғам тағайындайтын тұлғалар басқарады. Филиал басшысы немесе өкілдік басшысы Қоғамнан алған сенімхат негізінде әрекет етеді.

4.6. Сонымен қатар Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

## **5. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. Қазақстан Республикасының заңды және (немесе) жеке тұлғалары Қоғам акционерлері бола алады.

Шетелдік заңды және жеке тұлғалар Қоғамның қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіп бойынша қатысуға құқылы.

5.2. Қоғам акционерінің құқықтары:

- 1) Қоғамды басқаруға осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіп бойынша араласу;
- 2) дивидендтер алу;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Қоғамның қаржы есебімен осы Жарғыда анықталған тәртіп бойынша танысу;
- 4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінділер алу;
- 5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;
- 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;
- 7) Қоғам органдары Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда мемлекеттік органдарға өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы үшін өтініш білдіру;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және сұрау Қоғамға келіп түскеннен кейін отыз күн ішінде дәлелді жауап алу;
- 9) Қоғам тараған кезде мүліктің бір бөлігін алу.
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша оның акцияларына аударылатын қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу.

5.3. Ірі акционердің сонымен қатар келесідей құқықтары бар:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылуын талап ету немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа оны шақыру туралы талап түсіру;
- 2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
- 3) директорлар кеңесінің отырысының шақырылуын талап ету;
- 4) ірі акционердің есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап ету.

5.4. Акционерлердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

5.5. Қоғам акционерінің міндеттері:

- 1) акцияларды осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіп бойынша төлеу;
- 2) Қоғамға өзінің акцияларын сату бойынша ірі мәміле жасау ниеті туралы хабарлау;
- 3) осы акционердің акцияларының тіркеушісін немесе номиналды ұстаушысын он күн ішінде қоғам акциялары иелерінің реестрлері жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарландыру;

- 4) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты жарияламау;
- 5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге міндеттерді атқару.

5.6. Қоғам оның акцияларын сатқысы келетін тұлғаға оларды Қоғамның өзі немесе үшінші тұлғалар ұсынылған бағадан жоғары бағаға сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, баға және акцияларды үшінші тұлғалар сатып алатын жағдайда сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтер болуға тиіс. Қоғамның бұл құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелері ескеріле отырып іске асырылады.

## **6. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ**

6.1. Қоғамның жарғылық капиталы акционерлердің акцияларды номиналды құны бойынша төлеуі және акцияларды инвесторларға (инвесторға) орналастыру бағасымен сату жолымен қалыптастырылады.

6.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға акционерлердің жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акциялар шығару және орналастыру арқылы жол беріледі.

## **7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

7.1. Қоғам жай акциялар, не болмаса жай акциялар мен артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауға тиіс. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

7.2. Қоғам шығарылу, орналастырылу, айналымда жүру және өтелу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасында белгіленетін басқа бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

7.3. Жай акция акционерге дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған кезде дивиденд алу құқығын, сондай-ақ Қоғам тараған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

7.4. Жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеуі мен Қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті орган тарапынан белгіленген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

7.5. Қоғам акциялары иелерінің реестрін қалыптастыру, жүргізу және сақтауды тіркеуші бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

7.6. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7.7. Акцияларды кепілге қою туралы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## **8. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР**

8.1. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылдануы шартымен ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге тек мұндай төлем акционердің жазбаша келісімі болған кезде Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылуы шартымен ғана жол беріледі.

8.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге келесі жағдайларда жол берілмейді:

1) Меншікті капитал мөлшері теріс болған кезде немесе Қоғам акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде оның меншікті капиталының мөлшері теріс болып қалған жағдайда;

2) Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай болған жағдайда, не болмаса қоғам акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде онда көрсетілген белгілер пайда болған жағдайда.

8.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша төлеу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді жыл қорытындылары бойынша төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданады.

## 9. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

9.1. Қоғамның органдары:

жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

атқарушы орган – Басқарма;

бақылау органы – Ішкі аудит қызметі.

## 10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

10.2. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізеді. Өзге жалпы жиналыстар кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өтіп, акциялар иелерінің реестрлері жүйесі қалыптасқаннан кейін шақырылып, өткізіле алады.

10.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есебі бекітіліп, Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімдерінің қабылдануы Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

10.5. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) Есептеу комиссиясының сандық құрамы мен өкілет мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар

кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

- 10) қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржы есебін бекіту;
- 12) Қоғамның бизнес-жоспарын бекіту;
- 13) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 14) осы Жарғымен және қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайлар басталғанда қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне жиыны Қоғамның активтерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 17) қоғамның акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысының шақырылатыны туралы хабарландыру нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 18) қоғам акцияларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
- 19) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 20) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде мұндай тәртіп қоғамның жарғысында анықталмаған жағдайда бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 21) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 22) осы жарғымен шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын басқа мәселелер.

Осы тармақтың 1)-4), 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен (кемінде төрттен үш бөлігімен) қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысып отырған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

10.6. Акционерлердің жалпы жиналысы өзге Қоғам органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімін бұзуға (өзгертуге) құқылы.

10.7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасымен шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) Ірі акционердің.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді келесілер жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган;
- 2) Қоғамның тіркеушісі онымен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы.

10.9. Акционерлер («алтын акция» иесі) өткізілгелі тұрған жалпы жиналыс туралы ол өткізілетін күннен бұрын кемінде отыз күнтізбе күнінен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда қырық күнтізбе күнінен кешіктірмей хабарландырылуға тиісті. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және (немесе) жазбаша хабарлама жолдау арқылы акционердің («алтын акция» иесінің) назарына жеткізілуі тиіс. Заңды мерзімдерді санау акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама бұқаралық ақпарат

құралдарында жарияланған, не болмаса ол акционерлерге («алтын акция» иесіне) жазбаша хабарламалар түрінде жолданған күннен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілдерде жарияланған жағдайда белгіленген мерзімдерді санау осындай жарияланымдардың ішіндегі ең соңғысының күнінен басталады.

10.10. Жиналысты қайта өткізу бастапқы (өтпеген) Жалпы жиналыстың белгіленген күнінен кейінгі күннен ерте тағайындалмауы тиіс. Өтпеген жиналыстың орнына қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы келесі жағдайларда күн тәртібіндегі мәселелер қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:

1) кворум болмауы себепті өтпей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған;

2) қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтте оған, сырттай дауыс беретін акционерлерді қоса алғанда, жиыны Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген жағдайда.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізімдемесі болуға тиіс.

10.12. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне кірмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

10.13. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте жиыны Қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызына ие және акционерлер тізіміне енгізілген, жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

10.14. Акционер жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, қаралып отырған мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалған сенімхат негізінде әрекет етеді.

10.15. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін оған келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқы жоқ.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болған кезде жарияланған уақытында басталады.

10.17. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыс төрағасы (төралқасы) мен хатшысын сайлайды.

10.18. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысаны не ашық, не құпия (бюллетеньдер арқылы) болатындығын анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын), хатшысын сайлау бойынша, «бір акция - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асады, ал шешім қатысып отырғандардың жалпы дауыс санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

10.19. Акционерлерінің саны жүзден аспайтын Қоғамда есептеу комиссиясының қызметтерін Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы атқарады.

10.20. Акционерлердің жалпы жиналысы тек күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру), не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбестен қолданыла алады. Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

10.22. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесілерден басқа жағдайларда «бір акция - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілген акциялар бойынша берілетін дауыс санының шектелуі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде кумулятивті дауыс берілуі;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыстан берілуі.

10.23. Кумулятивті дауыс беру кезінде акция бойынша ұсынылатын дауыстарды акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың біреуіне толығымен немесе бірнешеуіне бөліп бере алады. Директорлар кеңесіне сайланған болып ең көп дауыс берілген кандидаттар танылады.

10.24. Дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, қол қойылады. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары акционерлердің назарына оларды Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде баспасөз басылымында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізіледі.

10.25. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалып, қол қойылады.

10.26. акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына келесі тұлғалар қол қояды:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;
- 2) Есептеу комиссиясының мүшелері немесе хатшы;
- 3) Дауыс беретін акциялардың он және одан да көп пайызына ие және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

## 11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Директорлар кеңесі – акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асыратын орган.

11.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың саны шамасында орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) жолы мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғам Басқармасы мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін, жалақы және сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату,



ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және ашу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

18) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелер мен жасалуына Қоғамның мүддесі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

20) комитеттерді құру туралы шешім қабылдау, сандық құрамын бекіту, комитеттердің мүшелерін, сондай-ақ комитеттердің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

21) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

11.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның атқарушы органының шешуіне беруге болмайды.

11.4. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы шешімдер қабылдауға құқы жоқ.

Директорлар қабылдайтын шешімдер veto құқығы белгіленген мәселелер бойынша «алтын акция» иегерімен келісілуі керек.

11.5. Директорлар кеңесінің мүшесі болып жеке тұлға сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелері келесілердің арасынан сайланады:

1) акционер – жеке тұлғалар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін танытушылар ретінде сайлануға ұсынылған (нұсқау берілген) тұлғалар;

3) басқа тұлғалар (осы Жарғының 11-бабының 11.6 тармағында белгіленген шектеуді ескере отырып).

11.6. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің мүддесін танытушы ретінде сайлануға ұсынылмаған (нұсқау берілмеген) жеке тұлға бола алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.

11.7. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады. Қоғам Басқарма төрағасы Директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

11.9. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмеген жағдайда шексіз рет қайта сайлана алады.

11.10. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізілген сәтте тоқтайды.

11.11. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

11.12. Директорлар кеңесінің өкілеттілігін оның бастамасымен тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша түрде хабарлау негізінде жүзеге асады. Директорлар кеңесінің бұл мүшесінің өкілеттілігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтайды.

11.13. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттілігі тоқтаған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады. Бұл кезде Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттілігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқталуымен қатар тоқтайды.

11.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

11.15. Төраға Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оған төрағалық етеді, отырыстарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен хаттама жүргізілуін ұйымдастырады.

11.16. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстары оның Төрағасының немесе атқарушы органның бастамасымен, не болмаса келесілердің талап етуі бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарының шақырылу және өткізілу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

11.17. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің санының жартысынан кем болмауға тиіс.

11.18. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады. Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең түскен жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып табылады.

11.19. Қоғамның Директорлар кеңесінің хаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ол өткізілгеннен кейін үш күннен кешікпей рәсімделіп, оған төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

## 12. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

12.1. Қоғамның атқарушы органының функцияларын Қоғамның Басқармасы атқарады. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды. Қоғам Басқармасы акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

12.2. Басқарманың құзыретіне Қоғамның ағымдағы қызметін басқару жөніндегі келесідей мәселелер жатады:

- 1) Қоғам құрылымын, штат кестесін, қызметкерлерінің санын анықтау;

- 2) Қоғам қызметін оралымды басқару, Акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 3) Қоғамның өңірлік бөлімшелерімен (филиалдар, өкілдіктер) және басқа бөлімшелерімен жұмыс саясатын әзірлеу және бекіту (рентабельдік, жалақы қоры, кірістер мен шығындар сметасы, т.б.);
- 4) Баспа басылымында жылдық қаржы есептілігін, акцияларды сатып алу туралы Қоғам ұсыныстарын, ірі мәмілелер жасау туралы мәліметтерді, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес басқа мәліметтерді жариялау;
- 5) Қоғам жүргізетін барлық операцияларды бақылау;
- 6) Қоғам мақсаттарына жетуге бағытталған шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғамның ағымдағы қызмет мәселелерін реттейтін, Директорлар кеңесінің реттеу саласына жатпайтын ішкі құжаттарды бекіту, олардың орындалуын бақылау;
- 8) Директорлар кеңесінің, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын бақылау;
- 9) Құзыретіне жататын мәселелерді әзірлеу, Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну;
- 10) Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді есептемегенде Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу.

12.3. Басқарма Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заң актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

12.4. Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заң актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, сонымен қатар Басқарма төрағасы Қоғаммен жасасатын еңбек шарттарымен анықталады. Басқарма мүшелерімен жасасатын еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалпы жиналыста немесе Директорлар кеңесінде уәкілеттенген тұлға қол қояды.

12.5. Басқарманың отырысында Басқарма мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысса, ол шешім қабылдауға құқықтық қабілетті болады. Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші дауыс болады. Басқарманың қарауына мәселені ұсыну құқығы акционерлерге, Басқарма Төрағасына, Компанияның Басқарма мүшелеріне, Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі.

12.6. Басқарма төрағасы:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оны таныту құқығына сенімхаттар береді;
- 4) Қоғамның жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, басқа жұмысқа ауыстырады және жұмыстан босатады (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу және тіртіптік жазалау шараларын қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің айлық жалақылары мен жалақыларына үстеме ақыларының мөлшерлерін белгілейді, Қоғамның атқарушы органының және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің сыйлықтарының мөлшерлерін анықтайды;
- 5) өзі болмаған кезде өзінің міндеттерінің орындалуын өз жұмыскерлерінің (орынбасарларының) біріне жүктейді;
- 6) міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік салалары мен жауапкершіліктерді жұмыскерлерге (орынбасарларға) бөліп береді;

- 7) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды бекітеді;
  - 8) Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте уәкілетті органның келісімімен филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын, басшыларының орынбасарларын, бас бухгалтерлерін тағайындайды;
  - 9) Қоғам қызметкерлерін кәсіби дайындау және қайта дайындау туралы мәселелерді шешеді;
  - 10) Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған ақпаратты уәкілетті органға, сондай-ақ оның сұрауымен береді;
  - 11) Жыл сайын Директорлар кеңесінің алдында Қоғамды дамыту жоспарын жүзеге асыру туралы есеп береді;
  - 12) қолданыстағы заңнамамен, жеке еңбек шарттарымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге функцияларды атқарады.
- 12.7. Қоғамның Басқармасын сайлау, оның өкілеттіктерін, қызметақысының мөлшерін анықтау, сонымен қатар Басқарма мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 12.8. Қоғамның лауазымды тұлғалары:
- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады және Қоғам мен акционерлердің мүдделеріне барынша лайық тәсілдерді қолданады;
  - 2) Қоғамның мүлкін Қоғамның Жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауы немесе пайдаланылуына жол бермеуі тиіс.
  - 3) тәуелсіз аудитті қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржы есебі жүйелерін тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуы мен ұсынылуын бақылайды.

### **13. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

- 13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.
- 13.2. Ішкі аудиттің құрылуы мен қызметінің тәртібі, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне еңбек ақы мен сыйақы төлеу мөлшерлері мен шарттары Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.
- 13.3. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.
- 13.4. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

### **14. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ ЕСЕБІ МЕН АУДИТІ**

- 14.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржы есебін жасаудың тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есебі туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есеп стандарттарымен белгіленеді.
- 14.2. Қоғамның Басқармасы жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылдың қаржы есебін талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржы есебінен басқа, Қоғамның Басқармасы жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.
- 14.3. Қоғамның жылдық қаржы есебі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілерден кемінде отыз күн бұрын Директорлар кеңесінің алдын-ала бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржы есебінің түпкілікті бекітілуі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

14.4. Қоғам жылдық қаржы еесбіне аудит жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, атқарушы органның батамасымен Қоғамның есебінен, не болмаса ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін.

14.5. Қоғамның құжаттары, соның ішінде Қоғамның қаржы есептері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімдерде және көлемде сақталады. Акционердің талабы бойынша Қоғам оған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды көшірмелерін беруге міндетті. Бұл кезде қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараттың берілуіне шектеулер қоюға жол беріледі.

## **15. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ (ИНВЕСТИТОРЛАРҒА) ӨЗ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**

15.1. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларының назарына Қоғамның келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

- 1) ол туралы ақпарат қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға жеткізілуге тиісті мәселелер тізімі бойынша акционерлердің жалпы жиналысында және директорлар кеңесінде қабылданған шешімдер;
- 2) Қоғамның акциялар мен басқа бағалы қағаздарды шағыруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күші жоюы;
- 3) Қоғамның ірі мәмілелер мен жасалуына Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасауы;
- 4) Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы мүлкін кепілге беруі (қайта кепілге беруі);
- 5) Қоғамның көлемі Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын заемдарды алуы;
- 6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерімен айналысуға лицензиялар алуы, Қоғам қандай да бір қызмет түрлерімен айналысуға бұрын алған лицензиялардың күшін тоқтата тұру немесе тоқтату;
- 7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
- 8) Қоғамның мүлкіне тыйым салу;
- 9) баланстық құны Қоғамның активтерінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкі жойылуына бастама болатын төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
- 10) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапқа тартылуы;
- 11) Корпоративтік дау бойынша сотта істің көтерілуі;
- 12) Қоғамның мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастырылуы;
- 13) Қоғам жарғысына, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне сәйкес Қоғам акционерлері мен инвесторларының мүддесіне қатысты басқа оқиғалар.

15.3. Акционерлер мен инвесторлардың мүдделеріне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпарат акционерлердің назарына келесі жолдармен жеткізіледі:

- 1) қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» басылымдарында және (немесе) Интернет желісіндегі Қоғамның меншікті сайтында жариялау;
- 2) акционердің жеке жазбаша сұрауы бойынша ақпаратты ұсыну.

15.4. Акционер ақпарат алу мақсатымен Қоғамның атқарушы органынан жазбаша түрде сұрайды. Акционердің сұрауы Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. қоғам акционерге қажетті ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) сұрау берілген күннен бастап отыз күнтізбе күні ішінде ұсынуға міндетті.

15.5. Құжаттарды ұсынғаны үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға кеткен шығындар мен құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты төленген шығындардың құнынан аспауға тиіс.

15.6. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға аффилирлену пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

15.7. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметке қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамға жазбаша түрде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

15.8. Акционерлер Қоғамға өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты Қоғамның акцияларына меншік құқығына ие болған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде ұсынуға міндетті.

15.9. Акционерлер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары бойынша ақпараттың өзгерістері туралы өзгеріс күнінен бастап 10 күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

## **16. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

16.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

16.2. Қоғам біріктіру түрінде қайта ұйымдастыруды қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.

16.3. Қоғамның ерікті түрде тарауы туралы шешім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісе отырып және олардың бақылауымен тарату тәртібін анықтайтын акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

16.4. Қоғамның мәжбүрлі түрде таратылуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда сот тарапынан жүзеге асырылады.

16.5. Соттың немесе Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамның тарау кезеңі ішінде оны Басқару және тізімдемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған әрекеттерді жасау бойынша өкілеттіктерге ие.

16.6. Тарату комиссиясының құрамына Қоғамның кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге тұлғалар кіруі тиіс.

16.7. Қоғамды тарату тәртібі мен оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Қоғам тараған кезде оның тараған, соның ішінде орналастырылған, акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша күші жойылуға жатады.

16.8. Мемлекеттік регистрге тиісті жазба енгізілгеннен кейін Қоғам таратылған болып есептеледі.

## **17. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ**

17.1. Қоғамның меншігі мен құқықтарын құқықтық қорғау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

18.1. Егер осы жарғының бір ережесі жарамсыз болса, ол басқа ережелерге ықпал етпейді. Осы Жарғының жекелеген ережелерінің жарамсыздығы оның жалпы жарамсыздығына әкелмейді. Жарамсыз ереже заңды тұрғыдан жол берілетін және тиісті қатынасты реттейтін ережемен алмастырылады.

18.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Жарғыға енгізіледі.

18.3. Осы Жарғыда көрсетілмеген Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

### 19. КҮШІНЕ ЕНУ

19.1. Осы жарғы мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Жалғыз акционер – «SevenRiversCapital» («Севен Риверс Капитал») АҚ шешімі негізінде (2013 жылғы 26 тамыздағы №28 шешімі)



(ҚОЛЫ)

*Миникеев Роман Дамирович*

«SevenRiversCapital» («СевенРиверсКапитал») АҚ  
Басқарма төрағасы  
Миникеев Роман Дамирович



**УТВЕРЖДЕНО**  
**РЕШЕНИЕМ ЕДИНСТВЕННОГО АКЦИОНЕРА**  
**Акционерного общества «Seven Rivers Capital» («Севен Риверс Капитал»)**

**(Решение №28 от 26 августа 2013 года)**



**УСТАВ**

**Акционерного общества**

**«Фридом Финанс»**

**Республика Казахстан, г. Алматы, 2013 год**



## 1. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

1.1. Полное наименование общества:

- на казахском языке – «Фридом Финанс» Акционерлік қоғамы;
- на русском языке – Акционерное общество «Фридом Финанс».

Сокращенное наименование общества:

- на казахском языке - «Фридом Финанс» АҚ;
- на русском языке - АО «Фридом Финанс».

1.2. Место нахождения исполнительного органа общества: 050059, Республика Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, 17, Полифункциональный центр «Нурлы Тау», 17 этаж, корпус 4 «Б», офис 5.

## 2. ПРАВОВОЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

2.1. Общество создано на основании решения учредителей, согласно Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан, Закона Республик Казахстан «Об акционерных обществах», а также в соответствии с иными законодательными актами Республики Казахстан.

2.2. Общество является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

2.3. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

2.4. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские и другие счета, имеет печать с указанием своего наименования.

2.5. Общество имеет свой товарный знак, логотип, знак обслуживания и символику, образцы, которых утверждаются и регистрируются в установленном порядке.

2.6. Срок деятельности Общества неограничен.

## 3. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

3.1. Целью деятельности Общества является получение чистого дохода от незапрещенной законодательством Республики Казахстан деятельности.

3.2. Предметом деятельности Общества является:

- брокерско-дилерская деятельность на рынке ценных бумаг;
- управление инвестиционным портфелем;
- консультационная деятельность;
- информационно-аналитическая деятельность;
- иная деятельность, не запрещенная действующим законодательством Республики Казахстан.

3.3. Виды деятельности, лицензирование которых предусмотрено действующим законодательством Республики Казахстан, Общество осуществляет после получения в установленном порядке лицензии на соответствующий вид деятельности.

## 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ОБЩЕСТВА

4.1. Общество имеет права, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.

4.2. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, и не отвечает по их обязательствам. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

